

«Күншуак» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

«Қош келдің жаңа ЖЫЛ»

№5 «Балапан»ерте жас тобы



*Тәрбиешілері: Примбетова.Р.Қ
Абиева.Г.А*

2022-2023 жыл

«Қош келдің жаңа жыл»

Жүргізуші: Саламатсыздар ма, балалар! Саламатсыздар ма құрметті қонақтар! Баршаңызды жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.
Жаңа бақыт, жаңа жыл !
Жаңа өлең, жаңа жыр,
Балғын бөбек, балалар.
Құтты болсын, жаңа жыл !

(Әсем әуенмен ішке Ақшақар кіреді)

Ақшақар:

Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнімін, жырмын, тақпақпен.

Жүргізуші: Қош келдіңіз Ақшақар

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Балалар қандай әдемі болып кеткенсіңдер, шыршаларың қандай керемет. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Ақшақар: Шыршамыздың шамы жанбай тұр екен, кәнекей бәріміз бірге алақанымызбен шапалақтап шыршаның шамын жағайық (балалар алақанымен шапалақтайды)

Жүргізуші: Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса .

Әсем, әсем ойыншығы

Көз тоймайды қараса

Жасыл шырша жанында

Ән айтайық тамаша

Ән: «Мереке келді»

Жүргізуші: Ақшақар біздің балалардың жаңа жыл мерекесіне арнаған биін тамашалаңыз.

Би: «Санта клаус»

Ақшақар: Өте керемет билейді екенсіңдер, көңіліңді көтертіліп қалды.

(қоян жүгіріп кіреді)

Қоян: Құтқарыңдар, құтқарыңдар! Саламатсыздар ма, балалар! Енді не істеймін? Аю қуып келеді...

Жүргізуші: Қорықпа, қоян! Аю сені жемейді, балалармен бірге жаңа жылды қарсы ал!

Қоян: Рахмет балалар!

Аю: Тоқта қоян, тоқта! Мен сені жемеймін! (Аю айналасына қарап, таңданып, балалармен амандасады) Саламатсыздар ма, балалар! Ой, қандай әсем шырша! Мына жерде жаңа жыл мерекесі болғалы жатыр ма?

Жүргізуші: Иә Аю, сен қоянды жеме. Жаңа жыл болса келіп қалды,

Аю: Жарайды қоян, мен сені жемеймін.

Жүргізуші: Ендеше біздің кішкентай көжектермен достықтарыңды білдіріп бірге би билеңдер

Би: «Көжектер» биі

Қоян: Сендерге көп-көп рахмет. Ал енді Аю балалармен ойын ойнап көрейік

Ойын: «Қар жинау»

Шарты: Шашылған қарларды жылдам жинау.

Ақшақар: Жарайсыңдар балалар ойынды да жақсы ойнадыңдар, енді мен де кішкентай қаршаларыммен би билейін.

Би: «Қаршалар»

Жүргізуші: Біз ойнадық биледік,

Аяқтарымыз шаршады.

Билеп ойнап терледік,

Аяз ата сыйлығын,

Балаларға сыйлайды.

Сыйлықтарды іздейік,

(бөлме ішінен аю мен қоян Ақшақарға сыйлықтарды табуға көмектеседі.

Шарша түбіндегі үлкен қарға назар аударады, қар жамылғыны ашады, ішінен сыйлықтарды табады. Ақшақар балаларға сыйлықтарын береді.)

Аяз ата: Ал балалар біздер басқа балалардың өнерлерін тамашалауға барамыз. Қош сау болыңдар балалар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Осымен шағын №5 «Балапан» тобының балаларының «Қош келдің жаңа жыл» атты ертеңгілігі аяқталды. Қош сау болыңыздар!



